

Структура ПФП девочек 15-16 лет представляет собой систему знаний, способную моделировать основные элементы учебно-тренировочного процесса игры в мини-футбол, факторов обуславливающих его эффективность. Прежде всего это положение базируется на раскрытии и тренировке потенциальных способностей каждого игрока, компенсации за счет своевременного выявления "пробелов" подготовки (подготовленности) уже на этапе ранней спортивной специализации.

Литература

1. Верхошанский Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса. М.: Физкультура и спорт, 1985.
2. Дьячков В.М. Проблемы спортивной тренировки. М.: ФиС, 1961.
3. Зимкин Н.В. Физиологическая характеристика силы, быстроты, выносливости. М.: ФиС, 1959.
4. Абрамова Т.Ф. Современные представления о научных основах тренировки женщин. / Т.Ф.Абрамова, Н.Н.Озолин, В.А.Геселевич //ТрудыВНИИФК.М., 1993.
5. Дратцев Е.Ю. Особенности регионального мышечного кровообращения у спортсменов высокой квалификации: автореф. дис.... канд. биол. наук: 03.00.13 /Е.Ю.Дратцев -Ярославль, 2008.
6. Капилевич Л.В. Физиологический контроль технической подготовленности спортсменов / Л.В.Капилевич // Теория и практика физической культуры. Москва.-ноябрь 2010 -№11.-с.
7. Караулова С.И. Особенности возрастной динамики функционального состояния сердечнососудистой системы организма спортсменов и спортсменок, специализирующихся в беге на средние дистанции / С.И. караулова, Н.В.Маликов // Физическое воспитание студентов творческих специальностей. 2006. -№2.
8. Мельников А.А. Особенности гемодинамики и реологических свойств крови у спортсменов с разной направленностью тренировочного процесса /А.А.Мельников, А.Д.Викулов // Теория и практика физической культуры. - 2003. -№1.

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ЛЕКСИКАЛЫҚДАҒДЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Халикова Г.Ш.

*Школа-гимназия им. А.М.Горького,
Костанай, Казахстан*

Оқушының ана тілімен қоса, басқа тілді де оқып -үйренуі, ол тілде сөйлей білуі оңай шаруа емес екені, оның өзі бір күрделі құбылыс екені бәрімізге мәлім.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектепте қазақ тілін оқитын оқушы өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның айтқанын түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым - қатынас жасай алуы қажет. Оқушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары бар.

Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін үйрету үшін оқушыларға әр сыныпта тілдің белгілі біршамадағы сөздік қорын меңгерту және сол сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға, яғни ауызекі тілде дұрыс қолдануға дағдыландыру жұмысы тиімді ұйымдастырылуының маңызы зор.

Сөздік жұмысы - тіл дамытудың іргетасы іспеттес, сондықтан оқушылардың тіл байлығын дамыту жолындағы мұғалімнің үлесі мол да жауапты.

Қазақ тілі сабағында лексиканы оқыту мәселесі мұғалімнен үлкен ізденісті, шеберлікті керек ететіні белгілі және үлкен қиыншылықтар туғызады. Ғалым Қ. Молдабеков: «Лексикалық минимумді іріктеп алу оқушылардың бағдарламалық материалды белсенді түрде меңгеруін қамтамасыз етеді және сабақтарды түрліше жүргізуге, балалардың тіл дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі» — дейді. Әрине, бұл пікірмен келіспеуге болмайды.

Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі жайында бірнеше еңбектің авторы Н. Оралбаева лексикалық материалды тандау, сұрыптауда сөздің төменгідей қасиеттеріне көңіл бөлу керек екендігін дәлелдейді:

- 1) сөздердің қолдану жиілігі;
- 2) сөздердің жеңіл - қиындығы;
- 3) сөздердің синонимдік қасиеті;
- 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі;
- 5) сөздердің сөзжасамдық қабілеті;
- 6) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу;
- 7) сөздің, тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы;
- 8) сөздің оқушының психофизиологиялық ерекшелігіне сәйкестігі;
- 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі.

Тілді күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету жұмысы мұғалімдерден көп ізденісті керек етеді, өйткені сөздік қорды байыту жолындағы жұмыс және сөзді қолдана білу дағдысын қалыптастыру ең маңызды іс болып саналады. Ал сөз - көп қырлы, көп сырлы құбылыс, оны меңгеру, меңгерту жолында туатын қиындықтар көп.

Методикалық әдебиетте осы мәселеге қатысты біраз сұрақтардың басы ашылғандай, бірақ олар сөздің лексикалық мағынасын түсіндіру жолдарын іздеуден аспайды. Педагогикалық процеске, өзіміздің тәжірибемізге қарап лексиканы беріп, есте сақтату жолдарынан басқа, сол жаттаған сөздерін ауызекі сөйлескенде қолдана білуге үйрету, яғни лексикалық ілімді, дағдыны қалыптастыру жолындағы жұмыс неге ойдағыдай нәтиже бермейді, 11 жыл

сөздерді жазып, жаттап, оқып келген балалар неге сөйлесе алмайды? -деген сұрақ әрбір мұғалімді толғандырады.

Оқушылардың сөздік қорын байытып, тілін ұстартуда шешуші рөл атқаратын жұмыстардың бірі -сөздік жұмысы. Сөздік жұмысы арқылы оқушының тіл байлығын молайтумен қатар дұрыс жазуға да, дұрыс сөйлем құрай білуге де дағдыландырады.

Балаларға үйрететін жаңа сөздің мағынасын мына жолдармен меңгертуге болатыны белгілі:

а) затты көрсете отырып, оның атын алдымен қазақша, соңынан орысша айту;

б) сөздің орысша баламасын беру (суретін көрсетуге келмейтін дерексіз зат есімдер оның түсін білдіретін, неқимылды білдіретін сөздер т.б.).

в) сөздердің мағынасын антоним сөздер арқылы түсіндіру: ұзын -қысқа, биік -аласа т.б.

г) омоним сөздердің мағынасының айырмашылықтарын сөйлем ішінде келтіріп түсіндіру;

д) мәтінді оқу, мазмұнын түсіндіру, алдыңғы сұрақ -жауап түріндегі әңгіме арқылы жаңа сөздің мағынасын ұғындыру.

Жаңа сөздің мағынасы түсіндірілгенде, оның жеке мағынасы емес, белгілі бір сөйлемдегі мағынасы беріліп, әрбір жаңа сөз баланың сөздік қорына еніп, актив сөзге айналуы керек. Бұл жайында Л. Н. Толстой: " Балаға үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай туғыза білу керек. Үйренген сөзін сөйлеу тілінде, өзінің ауызекі сөйлеу тілінде бір рет қолдана білсе, ол оның жеке меншігіне айналады," –деген болатын.

Жаңа сөздерді сөздікке жазғызып қоюмен шектелмей, оларды естеріне тұрақтандыруға арналған жаттығуларды жүргізу қажет. Онда мына сияқты белгілі жұмыстар орындалады: сол сөздерді қатыстырып, бір -біріне сұрақ қойғызу, оған жауап бергізу, ол сұрақ -жауаптарын жазғызу, сол сөздерді дұрыс айтуға көңіл бөлу, сурет бойынша сөйлем құрату, орысшадан -қазақшаға, қазақшадан -орысшаға аудартут.б.

Сабақ сайын үйретілген сөз сол сабақпен тынбай, кейінгі сабақтардағы жұмыстарда да қайталанып отырғанда ғана оқушылардың сөздік қорын тұрақтандыруға болады. Оқушылардың сөздік қорын байытып, тұрақтандыру үшін, заттың өзін немесе суретін, мүсінін көрсете отырып, атын айтқызу, сол сөздер арқылы сөйлем құрастырудың пайдасы ерекше екенін әрбір мұғалім өз тәжірибесімен дәлелдей алады. Оқушылардың сөздік дәптері болуын мұғалім бірінші күннен бастап қадағалап отыруы қажет. Осы сөздік жұмысы арқылы олардың сөздік қорының шамасын, қандай дәрежеде екенін білуіне мүмкіндік туатыны мәлім.

Мысалы, " А. Байтұрсынов " тақырыбын бергенде ең алдымен оқушылардың " Ұлы адамдар " циклы, модулі бойынша сөздік қорының шамасын, деңгейін тексеріп алса, мұғалімнің жоспар бойынша жұмысының нәтижесі артады. Бұл жұмысты тест, бақылау түрінде өткізуге болады.

Бұл осы тақырып бойынша негізгі сөздік қоры деуге болады. Осы сөздерді игерген оқушы А.Байтұрсынов тақырыбы бойынша:

-Сен қандай белгілі адамдарды білесің?

-А. Байтұрсынов кім?

- Ол қашан туған?

- Ол қайда туған?

- Ол қандай адам? -деген сұрақтарға мүдірмей, өз беттерінше толық, саналы түрде жауап бере алулары керек.

Тақырыпты бастар алдында мұғалім осы тақырып бойынша өзі нақтылы жоспар құрып алады. Не? Не үшін? Қандай мөлшерде? Қашан? берілуі керек екенін білуі керек. Және оқушыларға қандай талап қоятынын ең басынан айтып қою керек, сонда оқушы одан нені? қашан? не үшін? сұрайтындығын біліп отырады.

Мысалы, А. Байтұрсынов тақырыбын өткенде белгілі лексиканың үстіне оқушылар жаңасөздерді игерулері керек.

Балалар осы тақырып бойынша лексикамен танысқан соң (жоғарыда аталған принциптерге сүйене отырып), мұғалімдерді осы лексиканы қалай дағдыландырып, ауызекі сөйлеуге жеткіземіз деген мәселе ойландыра бастайды. Лексикадан монологқа, одан ауызекі сөйлеуге жеткізу ең басты мақсат. Ал жаңа лексиканы сөйлеу дағдысына айналдыру -ең маңызды, тіпті шешуші рөл атқарады десек артық айтпаған болар едік.

Осы орайда тағы бір айта кетерлік жағдай, ол өзге тілді оқыту процесінде тіл үйренушілердің сөйлеу тілін қалыптастырудағы грамматиканың орны ерекше. Әсіресе сөйлеу үрдісі -сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді меңгермей жүзеге аспайды. Сондықтан, көп әдіскерлер оқушыларды қазақша сөйлеуге үйретуге негіз етіп сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді алған жөн дейді.

Сөз тілдік құбылыстардың бәріне де тікелей қатысты. Орыс мектептеріндегі оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету үшін, оларға қазақ тілінің белгілі бір шамадағы сөздік қорын меңгерту және сол сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға, қысқасын айтқанда, ауызекі тілде дұрыс қолдануға дағдыландыру керек.

Оқушыларға сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып ішінде қолдануына мүмкіндік жасалуы керек. Бұған біздің тақырыптың жоспарларымыз дәлел бола алады. Әсіресе А.Байтұрсыновтың төменде келтірілген тұжырымы да дәлел бола алады:

"Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйретіп, не болмаса, сөздерді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады" -дейді.

(А. Байтұрсынов "Тіл тағылымы" 1989, 498)

Жоғарыда аталған "Белгілі адамдар" циклынан, модулінен "А. Байтұрсынов" тақырыбын оқытқанда да сөзді тіршілігінде көрсету, яғни лексикалық дағдыны қалыптастыру басты мақсат болып саналады.

Лексиканы дағдыландыру біртұтастықты, жүйені талап ететін іайғақ.

Мына тірек бойынша алғашқы сабақта сөз үйретуде ұсталынатын принциптерге сүйене отырып жаңа сөздермен таныстырамыз. Бұл сабақтардың мақсаты арнайы жаттығуларды қолданып сөздерді дұрыс айтуға, жазуға үйрету

және тұрақтандыру. Тұрақты сөз тіркестерімен таныстырып сұрақтарға жауап береалуға үйрету.

Қорыта айтқанда, лексикалық дағдыны қалыптастыру жүйелілікті, біртұтастықты талап ететін, әдістемелік тұрғыда шешімі толық түрде табылмаған, мұғалімдерден үлкен еңбекті талап ететін ауқымды мәселе.

УСЛОВИЯ НЕОБХОДИМЫЕ ДЛЯ СОЗДАНИЯ ШКОЛЫ ИНСТРУКТОРОВ ПО ТУРИЗМУ НА БАЗЕ ВУЗА

Кинтаев М.С.,

Огиенко И.В.

*Костанайский государственный педагогический институт,
Костанай, Казахстан*

Существует несколько толкований понятия «инструктор туризма»:

Инструктор туризма - профессионально подготовленное физическое лицо, имеющее соответствующую квалификацию и опыт прохождения туристских маршрутов [1].

Физическое лицо, имеющее специальную и физическую подготовку и формальное (т.е. подтвержденное полномочными государственными учреждениями) право на руководство туристскими походами и восхождениями определенной категории сложности; обеспечивающее полное и безопасное прохождение группой маршрута в соответствии с графиком [2].

Если обобщить эти понятия можно сделать вывод, что инструктор туризма - это профессионально подготовленное физическое лицо, имеющее соответствующую квалификацию и опыт прохождения туристских маршрутов, сопровождающее группу (имеющее официальное право на руководство группой) и несущее ответственность за каждого её участника.

Подготовка специалистов по спортивному туризму и в целом для сферы туризма ставит проблему повышения качества профессионального образования, которая заключается, прежде всего, в осмыслении особенностей подготовки специалистов данного профиля в вузе, а также исследования готовности выпускников к будущей профессиональной деятельности [3].

Состояния профессиональной подготовки специалистов по спортивному туризму на современном этапе развития позволяет нам обобщить ряд возникающих проблем. Во-первых, отсутствует согласованность целей и задач профессионального обучения в теоретическом и практическом обучении. Во-вторых, не отработана четкая взаимосвязь теоретической и практической частей учебного процесса в соответствии со структурой реальной профессиональной деятельности сферы туризма [3].

Готовность студентов в области спортивного туризма заключается в том, что будущий специалист не только должен иметь психологическую,